# Қос Бәйтерек

**Жұртшылыққа кезінде кеңінен танымал болған, қарағайдың қарсы біткен бұтағындай осынау екі адамның өмірден өткеніне биыл тура жарты ғасыр толған екен. Басты кейіпкерлеріміз Қасқатай және Есмақай Ордабайұлдарын еске ала отырып, солармен үзеңгілес болған, сол кезеңдегі танымал азаматтардың рухына тағзым етуге тырыстық. Олардың бар ғұмыры 2028 жылы құрылғанына 100 жыл толатын Шет ауданының тарихымен тығыз байланысты екен, ауданның құрылуы, оны дамытып, өркендету сияқты алапат істердің басы-қасында осынау жандар болған екен. Бәрін тізбей-ақ қояйық, олар сол тұстағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттардың бел ортасында жүріпті, пешене деп аталатын шетсіз, шексіз абстрактілі ұғымдар оларды да айналып өтпеген екен, демек, бұл шағын жазба олардың аруағына бағышталған құранымыз, зираттарына салған бір уыс топырағымыз болсыншы деген ниетте отырмын.**



**Ордабайұлы Қасқатай**
**1893 ж - 1974 ж**



**Ордабайұлы Есмақай**
**1904 ж - 1974 ж**

Қасқатай Ордабайұлы 1893 жылы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Нұра болысында дүниеге келген.1905 жылдан зейнетке шыққанға дейін Спасск және Новотроицк зауытында мастер, Шет ауданындағы колхоздарда басшы, «Заготскот», «Живсоюз» мекемелерінде бастық болды.Ленин және 1-ші дәрежелі «Отан» орденімен марапатталған. Қаскең жұмысты талап ете отырып, қарамағындағы еңбек адамдарының қамын ойлап, оларға қамқорлық жасағаны үшін 58-статьямен 1949 жылы 10 жылға сотталған. 1953 жылы үлгілі тәртібі және лагерьдегі айрықша еңбегі үшін босатылған. Босатылған уақыты 1953 жылдың маусымы. Сталин сол жылы наурызда қайтыс болып, қоғамда оң өзгерістер орын ала бастаған. Ол кісі 1974 жылы қайтыс болды.

Есмақай Ордабайұлы 1904 бұрынғы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Нұра болысында туған. Бұл кісі де 1917 жылдан зейнетке шыққанға дейін Спасск және Сарысу, Қызылеспе зауытында жұмысшы, Шет ауданында РайЗО-ның бастығы, комсомол комитетінің хатшысы, Шет аупарткомында бөлім меңгерушісі, аудандық аупартком хатшысы, «Заготскот» мекемесі, байланыс конторының және Союзпечать мекемесі мен Сталин колхозының басшысы боп істеді. Ол кісі де дүниеден 1974 жылы озды. Соғыста офицер болды. Ерлігі үшін мемлекеттік наградалармен (ордендермен), бірнеше медальдармен марапатталды. Олар өз заманының ұлдары еді, сол заман аясында өмір сүрді. Еңбек етті, елім, жерім көркейсе екен деп армандады. Бар білімін, іскерлігін, біліктілігін іркіп қалған жоқ.

Ертеректе болған бір жайт есіме түсіп отыр. 1987 жыл. Онда мен Жезқазған педагогтік институтында қызмет істеймін. Филология факультетінің деканымын. Желтоқсан оқиғасының өткеніне бірер ай уақыт өткен. Қазақ жастарына көзқарастың өзгеріп тұрған кезі. Кабинетке екі қарт адам кірді. Бірі - Ақтоғай ауданының «Қоңырат» совхозынан, екіншісі - Шеттің орталығы - Ақсу-Аюлыдан. Екеуінің де баласы желтоқсан оқиғасы кезінде Мәскеу саясатына қарсы шыққандардың ішінде боп, көшеге шыққан. Оқудан шығарылған. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті мен комсомол комитетінің бюросы шешіміне сәйкес шығарылған. Екі қарияның өтініші, балаларын оқуға қайта қабылдату екен. Ректорға бармай, алдымен маған келіпті. Сыпайылап, түсіндіріп жатырмын. Өзімнің таяуда ғана партия мүшелігіне өтсем де, қалалық партия комитетінің бюросында сөгіс алғанымды, сәл шыдау керек екенін, балалары бірер жылдан соң қайтадан студент атанатынын айттым. Екеуі де тапжылмай отырып тыңдады да, шығып кетті. Сөйтсем, ректорға барыпты, облыстық партия комитетіне барыпты. Тіпті, бірінші хатшыға да (ол кезде бірінші хатшы Давыдов болатын) кірмекші екен, ол қабылдамапты. Давыдовтың қазақ ұлтына қалай қарайтыны белгілі. Содан амалдары құрып, елдеріне кетпекші болыпты. Кетерінде маған тағы келді. «Шырағым, шаруамыз бітпеді. Біз жолыққан үлкенді-кішілі мықтылар тіпті өзімізді кінәлап, ұрысты, сөкті. Ішінде жылы сөйлескен сен ғанасың. Рахмет! Шіркін, дүние-ай, атағы Абылайдай Қасқатайдың туысы екенсің, олардың заманы өткен екен-ау! Мына қиюы кеткен заманға Қасқатай мен Есмақай керек екен-ау. Тіпті, Ақтоғайда колхоз басқармасы болған Адамиянның заманы да келмеске кетіпті-ау!» - деп күрсінді. Менің қолымда не бар, қиналдым. Өзімше жұбату айттым, уәде бердім. Ақыры екі баланы да 1987 жылдың күзінде ретін тауып, 3 курсқа қабылдаттым. Сол әрекетім көңіліме медеу болды. Сол екі студент - қазір белді азаматтар. Хабарласып тұрады, жолдары түссе, келіп сәлем береді. Мен бұл жерде өзімді мадақтайын деп отырған жоқпын, ел жадында қалған әкелеріміздің атын мақтан етіп отырмын. Тәңірінің ерекше бір сыйы ма, әлде пешенесіне жазылған жазмыш па, әйтеуір, сол арыстар туралы тебірене айтылған сөз осы уақытқа дейін есімнен кетпейді!

Бір жайт есіме түсіп отыр, 1973 жылы Әлия екеуіміз университет бітіріп, қос дипломмен әкеміздің орнында отыр ғой деп Шет совхозындағы Бекежан ағайдікіне келдік. Ол кісі машинасына сап ап, ауылға жөнелдік. Жолда қос әкемізге сәлем берейік деп Шетке соққызды. Келсек, Қаскең мен Ескеңнің үйі бір-бірінен алыс емес. Екеуі де есік алдындағы биік орындықта отыр екен. Ескең «құтты болсын, шырақтарым»деп тілегін білдірді де, неге екенін қайдам, толқып, көзіне жас келгенін байқатпайын деді ме, төмен қарап, отырып қалды. Қаскең де қуанышын білдірді. Мен Қаскеңмен бірге сыртта отырып қалдым. Ол кісі: «Өшкен жанды, өлген тірілді деген осы, тәубе, шырағым. Әкең Хамзаны мен Хамаң деп кетіп ем, көкірегі даңғыл, қиссашыл, ескі әңгімені көп білетін жан еді. Ел әкеңді айрықша сыйлайтын. Тірісінде «Хакім Хаман», «ғалым Хамаң» деген атқа ие болып еді. Біздің қазір бұрынғы күйіміз жоқ. Сырттан болса да байқастап отырамыз. Әкелеріңнің атына кір келтірмепсіңдер. Шүкіршілік! Біздің тұқым жағыну, жағымпаздануды білмейді» деп бастады да, өзі куәсі болған кешегі күн мен бүгінгі күн туралы шамалы сыр шертті. Сірә, ауру әбден мендесе керек, жиі-жиі демігіңкіреп, шаршап қап отырды. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары талай келеңсіздік істер жасалғанын, елдің жайсаңы мен жақсысын құдалағанын айтты. Өз шығармасы болса керек, бір ауыз өлеңі есімде қалыпты.

Тексізді әспеттеді біздің Кеңес,
Ойласақ, өткен күннің бәрі елес.
Жаманға шын тұлпарды
қоссаң-дағы,
Қас дүлділ болатыны анық емес.

Жастығым, бұрын алдында жиі болмағаным шығар, қысылыңқырап, именсем де, сонау алапат жылдарда неліктен істі болғанын сұрадым. Ол сұрағыма қайтарған жауабы төмендегідей еді. «Біздің бала кезіміз тұрмыс таршылығына дөп келді. Қаншама қиындық, жоқшылық көрсек те, еңбекке адал болдық. Небір ауыр уақытты бастан кешсек те, тек өзімізді ғана емес, әулетімізді, ағайын-туысты, ел-жұртымызды ойладық. Уақыт өте келе, жаңа экономикалық саясат деген шықты. Аштық, ашаршылық күндері туды. Ауқаттылардың малына, мүлкіне үкімет қырғидай тиді. Қаншама адам зардап шекті, есеп жоқ. Алланың қазақтың мандайына жазған несібесі шығар, әйтеуір, аман қалдық. Шаруашылықты дамытудағы кемшіліктерді әйтеуір біреуге жабу керек болды. Содан барып, сүттің бетіне шығар қаймағы іспеттес мықты азаматтарды құдалады. Уақыт өтті. Халықтың жағдайы біртін-біртін оңала бастады. Оңалтқан сол қазақтың өзі. Күн-түн демей, еңбек еттік. Барша байлықты жасап отырған қазақтың өзі екен, ендеше, сол игілігінің қызығын ол неге көрмейді? Неге ол ата-бабасының салтымен шілдехcanасын өткізбейді, өлген адамын арулап қойып, ас беріп, құран бағыштамайды? Неге ол өндірген өнім ең болмаса сондай жағдайларға жұмсалмай, сыртқа кетеді? Міне, осы жайттар жанымды жегідей жеп, маза бермеді. Өзім басшы болған кезімде жоқ-жітіктеу адамдарға ортаның малын бергіздім, тізеге басып отырып, өктемдікпен шешім қабылдадым. Әрине, қазіргі уақытта бұл жайт бөлендей ерлік болып көріне қоймас, ал, ол кезде қып-қызыл қылмыс болатын. Содан ауыл шаруашылығы артелінің уставын бұзды деген желеумен сотталдым. Сот алғашында аудан отралығында болмақшы еді, халықтың ашу-ызасынан қаймықса керек, дер уақытында болмай, біразға созылды. Мені соттады. Қарлагта болдым. Қанша айтқанмен, сұрапыл оқиғалар уақыты артта қалған, қоғамда оң өзгерістер бола бастаған. Соның арқасында аман қалдым, егер сонау отызыншы жылдардағы нәубетке тап келсем, бүйтіп отырмас едім, қолма-қол сотсыз-ақ «үштіктің» шешімімен атып жіберер еді. Заман өзгерді. Пенсияға шыққанымша жұмыс істедім. Абыройсыз болғам жоқ. Екі орден, бірнеше медальдармен наградталдым. Тек істі болғанда партиядан шығарылып едім, қайта қабылдануым ауыр болды». Міне, Қасқатай әкемізден естіген әңгіменің ұзын-ырғасы осындай еді.

Жалпы, өз басым есейіп, есім кірген сәттен бастап,осы қос асылдың есіміне сырттай болса да, қанық боп өстім. Ел ішіндегі кәделі істер, әсіресе, қазаға байланысты шараларда жай ғана қатысушы емес, егер қазалы болған адам жоқ-жұқандау жан болса, соған ағайын-туысты ұйымдастырып, көмек жасаудың басы-қасында осы екі кісі жүретін. Осындай үлкен жүрек, талапшылдық, беттілік, шешімталдық келе-келе екеуін ел ағасы, жұрт сыйлайтын азамат деген атаққа ие қылды-ау деп ойлаймын. Мүмкін, жоғарыдағы өзіміз келтірген «неге», «неліктен»деген сұрақтардың жауабы да олардың осынау қасиет, сипаттарынан, адами ажарынан, кісілік келбетінен іздеу керек шығар?! Неге екенін қайдам, әйтеуір, Қасқатай мен Есмақай әкелерімізді жайлы ой толғағанда, Янушкевичтің қайсар Құнанбай бабамыз туралы пікірі ойыма оралады. Расында да, әр заманға қарағайға қарсы біткен бұтақтай осындай жандар керек-ау деген толғаммен осы шағын естелікті тәмамдадым.

**Мәуен ХАМЗАҰЛЫ,**
**филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ПҒА Құрметті академигі**

№170